

## ӨЗ ІСІНІҢ ҰСТАСЫ

«Жақсы аға – жайсаңдарым,  
Сендер барда асқақпын, қайсар жаным.  
Арқа таңып сендерге алдарыңда  
Еркін басып жүруге тайсалмадым.  
Сендер барда үкілеп мінгендеймін  
Жел ілеспес даланың ай саңлағын»  
**Әбілда Тәжібаев**

*«Ізгі және қажетті жұмыс істеген адам... басқа адамнан жоғары тұруы керек»* (Әл-Фараби). *«Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау еңбек қылсаң қара жер де береді, құр тастамайды»* (Абай). Ердің атын еңбек шығарады. Еңбегімен елге танылып, бұл күнде отандық археология ғылымының алдыңғы санатындағы ғалымдар қатарында сапта тұрған ғалым ағамыз Мадияр Елеуов елеулі еңбегі туралы ой қозғамақпыз.

Байырғы көне шаһарлардың жер қойнауында талай ғасырлар бойына бүгіп жатқан сырлары мен қырларын ашу, оны кейінгі ұрпаққа жеткізудің ауыр жүгі археолог ғалымдарға жүктеледі. Археология қазіргі таңдағы ғылыми танымда гуманитарлық ғылымдармен қатар, нақты ғылымдар қатарында да қарастырылады. Археология ғылымына ғалымдар кездейсоқ келмейді десем жаңылыспаспын, себебі нағыз археолог болу үшін, сенің бойыңда ерекше «фонатизм» сезімі болуы керек. Археологтардың барлау, қазба жұмысы, қазба деректерін өңдеусіз күні мен жылы өтпейді. Археолог ғалым мен экспедиция егіз ұғымдай. Тарихи таным методологиясы тұрғысынан қарасақ археология ғылымы үшін «далалық экспедициялық ғалым» болсын, «кабинеттік ғалым» болсын ғылыми деректердің максималды көлемімен, пәнаралық байланыспен қарулануына тура келеді. Мадияр Елеуов қазба барасында табылған адам сүйектерінің анализін жасауға ресейлік антрополог ғалым Егор Китовпен бірлесе жасағаны белгілі.

Археоэтнографиялық, палеогеографиялық талдаулар, тарихи топонимика, тарихи ономастикалық сараптаулар да ғылыми нәтиженің құндылығын арттыра түседі. Мадияр Елеуовтың ғылыми ізденіс әдістемесінде археологиялық нысан – көне қалалар мен қоныстардың әр кезеңдегі атауларының өзгеруіне, тарихына қатысты халық ауыз әдебиетінде сақталған аңыз-әңгімелерді жинап, көне аңыздардан көне қонысқа қатысты бір ілікті тауып, оны көне қоныстың кейінгі тарихындағы топонимикасымен сабақтастыра отырып зерттеуі, Қазақ хандығының ортағасырлық қалаларының атауларына қатысты халық арасында сақталған аңыз-әңгімелерді жинап, оны археология ғылымында интерпретациялауы назар аудартады. Қазақ хандығының ортағасырлық қалаларының ономастикасына қатысты жазба деректерге ғылыми-тарихнамалық, теориялық-деректанулық талдаулар, автордың өзіне дейінгі зерттеулерге ғылыми көзқарастары мен пікірлері оның еңбектерінің ғылыми құндылығын арттыра түседі.

Сыры ашалмаған ескерткіштердің бірі Сауысқандық петроглифтері еді. Сауысқандық жартастарындағы байырғы тайпалардың дүниетанымы мен діни сенімдерінің ізі – жан-жануарлар культі исламға дейінгі көне діндермен, Ежелгі Шығыс халықтарының арасында кең таралған табиғат мінажатымен, әртүрлі билеуші тылсым күштермен байланысты дамығандығының айғағы. Сауысқандықтағы антроморфтық бейнелер адам мен табиғаттың арасындағы байланысты айғақтайды. Мадияр Елеуов, Зейнолла Самашев, Сағымбай Мұрғабаеттың бірлескен зерттеу жұмысы «Сауысқандық петроглифтері» атты монографиялық еңбекте баяндалды.

Қазақ халқының тарихында көне шаһарлардағы ақша айналымының алатын орны ерекше. Шу-Талас аңғарындағы ежелгі қалалардың тоғыз жолдың торабында, Ұлы Жібек жолының бойында орналасуы, қала базарлары мен жәрменкелерде сауда ісінің қызып жатуы, халықтар арасындағы этномәдени қарым-қатынасты ұлғайта түсті. Тараз монета көмбесі осы өңірде ақша қатынасының қарқынды дамығандығын растайды. Тараз монеталары көмбесінің арасынан, монета тізбесін жасау үшін ортасын тесіп жасалған, бетіне таңбадан бедер салынған, жазуды бедерлеп түсірген түрлерінің, көлемі мен формасының алуан түрлі болып кездесуі монета соғу ісінде күрделі технологияның болғандығының айғағы. Мадияр Елеуовтың өз әріптестерімен бірге тапқан Тараз монета көмбесі қазақстандық нумизматика қорына қосқан қомақты үлес. «Доисламские монеты Тараза» атты еңбекте Түргеш, Қарахан қағандығының нумизматикалық ескерткіштердің аверс, реверс беттеріндегі символдары, атрибуттары мен атрибуциясын түрік, ағылшын тілдеріне аудартып халықаралық ғылыми айналымға ендірді. Монеталарының ғылыми атрибуциясы Талас аңғарының әлеуметтік саяси тарихының кейбір мәселелерін шешуге өзек болды.

Тараз қаласында өткен Қазақ хандығының 550 жылдығының қорытынды мерекесінде Мадияр Елеуов Шу-Талас өңірінің көне шаһарларының қыш-құмыралары, қыш құбырлары, қыштан жасалған тұрмыстық бұйымдармен қатар қала жұрты қолданған моншақтар, білезіктер, алқалар, зергерлік құймалар, эмальданған ыдыстар, оларға бедерленген ою-өрнектер қала тұрғындарының эстетикалық талғамының, сән-салтанатының аса жоғары болғандығының көрінісі. Әсіресе археолог ғалымдар «Айша бибиінің портотипі» деп таныған эмальданған сәндік ыдыстың «археологиялық жаңалық» ретінде маңызы мен қолданыстық мәні ерекше.

Археологиялық қазба кезінде мәдени қабатта жұрнағы ғана сақталған зат (мысалы, киім жұрнағын қалуы, мақта-мата, ағаш бұйымдардың шіріп кетуі, жартылай күйдірілген қыштардың үтетіліп кетуі, т.б.) механикалық әсерден одан әрі қайтарымсыз жоғалуы мүмкін, сондықтан да археология ғылымының зерттеу әдістемесінде археологтардың фотофиксация жұмыстары мен лабораториялық сараптық деректерінің маңыздылығы жоғары екені рас. Мадияр Елеуов ағайдың археологиялық барлау, қазба нысандарының фотодеректері, оның археологиялық ғылыми шежіресінің бір тармағын құрайды. Мадияр Елеуовтың Шу-Талас аңғарындағы көне шаһарлар құндылықтарын ғылымға ендіру процесінен кейін, ол дүниелерді

облыстық тарихи-өлкетану музейіне табыстап отыруы, музейлік археологияның дамуына деген ерекше қамқорлығын көрсетеді.

Мадияр Елеуов жойылу қаупі төнген ескерткіштерді есепке алып, оларды консервациялау кезек күттірмейтін мәселе екендігін сөз жүзінде көтеріп ғана қоймай, далалық тұмшалау (консервациялау) жұмыстарын іске асырып жүр. Солардың қатарында ортағасырлық Ақтөбе цитаделі, ұзын қорған бөліктері бар. Ғалымның консервациялау әдістемесі «Ақтөбенің бұзылу тарихы» атты монографиялық еңбегінде баяндалды. Мадияр Елеуовты бұзылған ұзын қорғандардың бұл күндегі *«рухани қорғаны»* десек болғандай.

Өркениеті дамыған елдердің қатарына қосылудың бірден бір жолы ғылым, білім, инновацияны дамыту екені, кез-келген елдің болашағы білім мен ғылымға тәуелді екені сөзсіз. Ғылымның қыр-сырын терең меңгергенде ғана еңбегінің құндылығы жоғары «ғылыми жеміс» береді. Қазақ даласының төсінде көшпелі өркениеттің, дала өркениетінің бейнесі – Ақтөбе (Баласағұн), Құлан, Меркі, Аспара, Тараз сияқты көне шаһарлардың болғандығы әрбір қазақ баласы үшін мақтаныш болса, талай жылдар сыры жұмбаққа айналған шаһарлардың сырын шешіп, қаланың көне шежіресін ғылымға ендіріп, өзіңді сол көне шаһардың бір жұртындай күй кешетін сезім сыйлататын отандық археологтарымыздың болғаны біз үшін мақтаныш.

Қытай философы Конфуцие *«Құрметтеу құрметі адамға ғана жарасады»*, – деген. Қаншалықты құрметті болса, соншалықты қарапайым кез-келген адамның қолынан келе бермесі анық. Бұл кісінің қарапайымдылығы бойына біткен ерекше қасиеті. Халқымызда Құт, Дәулет, Ырыс, Несібе деген құдыретті ұғымдар бар. Әркімнің өмірден алатын өзінің ырзық, несібесі болады. Мадияр ағамыздың құт, дәулет, ырыс, несібесі Алла тағала бойына берген қасиеті – ғылымды игеріп, нәтижесін халыққа беруі арқылы келіп жатыр. Құран кәрімнің Таһа сүресі, 114 аятында: *«Рабым! Біліміңді арттыр!»*, Мүжәдалә сүресі, 11 аятында: *«Алла Тағала сендерден иман келтіргендердің және ғылым бергендердің дәрежелерін көтереді»*, – десе, Пайғамбарымыз Мұхаммед с.ғ.с. айтқан хадистерінде: *«кім білім іздеу жолына түссе Алла Тағала оған сол арқылы жәннатқа бару жолын жеңілдетеді. Періштелер ғылым ізденушінің талабына разы болып, оның аяғының астына қанаттарын жаяды. Шын мәнінде, ғалымға көктегілер мен жердегілер, тіпті судағы киттерге дейін жарылқау тілейді. Қарапайым мұсылманнан ғалымның артықшылығы, айдың басқа жұлдыздардан артықшылығындай»*; *«Дүниеде қызығушылық тек екі нәрседі. Бірі: Алла тағала бір кісіге дәулет беріп, оны халал жолға жұмсауын ұйғарса. Екіншісі: Алла Тағала бір кісіге даналық білімін беріп, ол сол арқылы дұрыс төрелік берсе және басқаларға үйретсе»*; *«Алла Тағала кімге игілік тілесе, оны дін ғылымынан хабардар етеді»*, – деген екен. Ғылым мен ілімге құштар болып қана қоймай, оны шексіз сүю де адамға Алланың берген бір ерекше сыйы шығар.

Абу Насыр әл-Фараби бабамыз *«ұстаздық мінез-құлық нормасы»* жайында: *«Ұстаз...: ол тым қатал да болмауға тиіс, тым ырыққа да*

жығыла бермеу керек, өйткені тым қаталдық шәкіртті өзінің ұстазына қарсы қояды, ал тым ырыққа көне беру ұстаздық қадірін кетіреді, оның берген сабағы мен оның ғылымына шәкірті селқос қарайтын болады. Ұстаз тарапынан барынша ынталылық пен табандылық қажет. Өйткені бұлар, жұрт айтқандай, тамшысынан тас төсетін бейнебір су тәрізді», – деп тайға таңба басқандай сипаттап берген. Өмір жолын ғылыми ізденіспен қатар ұстаздық қызметтен ұштастырған Мадияр Елеуовтың ұстаздық міндетін атқарудағы ынталылық пен табандылық қасиеттері оны тек биіктен көрінуге міндеттеді. Әл-Фараби бабамыздың: «Ұстаз... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңзарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсені ұмытпайтын...алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп,...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» – деген осы ұстаздық сипатын Мадияр Елеуов сияқты тәжірибелі ұстаздар бойынан көруге болатындай. Мадияр Елеуовтың бойындағы ер азаматқа тән қасиеті, ұстаздық қасиеттермен бірге ұштасқан.

«Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» (Ахмет Байтұрсынұлы). Ұстаздық шеберлігінің шыңдалуын бағалаған ҚРБЖҒМ «ЖОО үздік оқытушысы» мемлекеттік грантын табыстады. Әл-Фарабидің «Білім және атамұраны жақсы тәрбиелеуменен безеу керек», – деген сөзі әрбір ұстаздың ұраны мен міндетіне айналған. Мадияр Елеуов жас ұрпаққа сапалы білім беру ұстанымын, саналы тәрбие берумен ұштастыра білді. Мадияр Елеуов ағайымыз әр оқу жылында өзі бас болып іргелі тақырыпта тәрбиелік іс-шара ұйымдастыруды үрдіске айналдырған. «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Айналаңды нұрландыр», «ҚазҰУ гринкампус» инновациялық жобаларының дамуына да өз үлесін қосып келеді.

«Өмірдің мәні не?», – деген сұраққа, Аристотель – «Айналаңа қызмет етіп, көмек көрсету», - деп жауап берген. Шығыс ойшылы Ахмед Югнаки «Адамгершілік кімде болса, соны ер деп есепте», – деген. Мадияр Елеуовты ғалым-меценат деп танысақ та артық болмас. Студенттерге әлеуметтік стипендия тағайындауда, эндаумент қор жүйесін дамытуға белсенді үлес қосып келеді. Өзі жетекшілік еткен ғылыми жобаларда әр кез жас ғалымдар, докторант, магистранттар ғылыми қызметкер ретінде жоба орындауға қатыстырып, өз тәжірибесін жас ғалымдармен бөлісуде. Олардың қатарында Ақымбек Ералы, .....Сауран, Әшімов Бағлан, Үдербаева Гүлнәр, Нұртаева Жансая, Құрманязов Ислам бар. Мадияр ағайдың адамгершілік болмысы іс-тәжірибесін, еңбегінің жемісін халқына беруді, халқы мен отбасына тұрақты қызмет етуді негізгі міндеті деп санауында.

Ислами діни хадисте іс-амалдардың ең жақсысы көркем мінез; мүминдердің иман тұрғысынан ең кемелдісі – мінез-құлқы ең жақсы болғаны, - делінген. Көркем мінез адамзаттың бақытына баланған игі

жақсылықтардың бірі. Жақсы мінез-құлық адам баласының басын біріктіретін ортақ құндылық. Көркем мінезіңіз бен байыптылығыңыз әр кез жаныңызға жайлау болсын! Халқыңызға берер ғылыми жаңалығыңыз әлі алда болсын!

*«Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты», – деген әл-Фараби. Тұрақты бақытты тұрақты ұстап тұратын жайлы мінезі, жайлы жан-жары, өмірінің мәні мен сәні балалары, соңына ерген шәкірттері бар! Тура тұрар тілекте, бір қалыптан айнымас, адал жолдастарыңыз бар әр уақта!*

*Тәттігүл Картаева  
Этнограф,  
Археология, этнология және музеология кафедрасы*